

№28 « Ақбота» бөбекжай балабақшасы

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті

Тақырыбы: «Бағдаршам»

«Қарлығаш» ересек тобы

Тәрбиеші: Өміртай Н.

2024-2025 оқу жылы

Білім беру саласы:Қатынас

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Көркем әдебиет

Күні:20.11.2024 ж.

Тақырыбы: «Бағдаршам» Ә. Табылдиев

Мақсаты: Балаларға бағдаршам туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіну, жол сақшысымен таныстыру, балалардың сөздік қорын молайту.

Әдіс-тәсілі: Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап, ғажайып сәт, ойын

Пәнаралық байланыс: Қоршаған ортамен таныстыру

Көрнекілігі: Бағдаршам макеті, бейнеролик, үлестірмелі материалдар.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысы:

Балалар жарты шеңбер болып отырады.

Тәрбиеші:

- Балалар, бізде бүгін ерекше күн!

- Олай болса бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?

- Тамаша!

- Кәне бәріміз орнымыздан тұрып шеңбер жасап жиналайық.

Біз бақытты балдырған

Дос құшағын кең ашқан

Ашық болсын көк аспан!

Мықты болсын іргеміз

Бәрімізде біргеміз!

- Жарайсындар, өте керемет!

- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Жасыл көзі «жүр» – дейді.

Қызыл көзі «тұр» – дейді.

Сары көзі «дайын бол» – дейді.

- Бұл не екен? (Бағдаршам)

- Дұрыс айтасындар, ол бағдаршам екен.

- Олай болса экранға назар аударайық.

- Балалар, кәне бәріміз бағдаршамның түстерін атап берейікші?

- Жасыл, қызыл, сары

- Осы түстер біздің өмірімізді сақтап қалады екен!

- Балалар, бағдаршам не үшін керек деп ойлайсындар?

Бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі, жаяу жүргіншілерді жолдан өтуге бағыт береді.

Қарандаршы, бағдаршамы бар қиылыста адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда көліктер тоқтайды, сол кезде адамдар ақ жолақтармен өтеді. Ал ортадағы сары көзі жанса, көліктер дайындалады. Ал жасыл көзі жанса, жол ашылып көліктер жүреді, бағдаршамның үш көзі осы адам өміріне орасан зор екен!Балалар, әрқашан

жол қиылысында абай болу керек, жолда доп ойнауға, шанамен сырғанауға болмайды.

Ғажайып сәт:(Осы кезде ысқырықтың дауысы естіледі)

Экраннан жол сақшысы көрінеді.

Жол сақшысы:

- Сәлеметсіңдер ме балалар?

- Мен Жол сақшысымын, жолда жүру ережесін қадағалап тұрамын.Айтындаршы, сендер көшеден өткенде ең бірінші неге назар аударасындар?

Балалар айтады:

- Бағдаршамға қараймыз.

Жол сақшысы:

- Жарайсындар, балалар! Сендер ақылды балалар екенсіңдер!

- Мен сендерге ақыл-кеңесімді мынадай өлең жолдары арқылы білдіремін.

Ашса көзек үш көзін,

Айтты деп ұқ сөзін.

Токта!Сақтан!

Жол ашық!

Жүрме жолға таласып,

Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға,

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға,

Жасыл көзін ашқанда

Өте бергін, жасқанба

Көзін ашып, жұмбады

Бағыт сілтеп тұрады.

Тәрбиеші:

- Балалар, өлең не туралы айтылған екен?

- Дұрыс айтасындар, бағдаршам туралы айтылған екен.

- Ендеше қазір осы өлеңді оқу арқылы «**Айтылған түсті көрсет**» деген ойын ойнаймыз.

Дидактикалық ойын: «Айтылған түсті көрсет» Балалар, сендердің алдарыңда бағдаршамның түстері бар, қазір мен сендерге өлеңді оқимын, сендер сары көз дегенде сары түсті, қызыл көз деген кезде қызыл түсті, жасыл көз деген кезде жасыл түсті көрсетесіңдер.

- Кәне мұқият тыңдандар!

Тәрбиеші:

- Ал балалар, біздің топта бағдаршам бар екен, кәне бәріміз бағдаршамның қасына жиналайық.

- Бағдаршамның неше көзі бар екен?
- Дұрыс айтасындар, қазір біз «Бағдаршам» ойынын ойнаймыз.
- Ол үшін сендер бағдаршамға мұқият қарап тұрасындар.
- Қызыл көзі жанғанда барлығың тұрып қаласындар.
- Сары көзі жанғанда қолдарыңды шапалақтайсындар, жарай ма?
- Ал жасыл көзі жанғанда барлығың ақ жолақтың үстімен жүре аласындар.
- Ойын түсінікті ме?

Қорытынды:

- Балалар, сендер ойынды жақсы ойнай білдіңдер.
- Сонымен бағдаршамның неше көзі бар екен?
- Сендер қай көзі жанғанда жүресіңдер?
- Жолда жүру ережесін кім басқарып тұрады?
- Дұрыс айтасындар, жол сақшысы басқарады.
- Жол сақшысы сендерге не оқып берді?
- Я, «Бағдаршам» өлеңін оқып берді.
- Біз ол өлеңді күннің екінші жартысында жаттап алатын боламыз.
- Сендер бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыса білдіңдер, мен сендерге керемет деген смайликтер табыс етемін.